

БҰЙРЫҚ

Жамбыл ауылы

№ 1-03/150

2025 жылғы 02 қыркүйек

Оқу процесінде ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығына қосымшасының 2 тармағына сәйкес, білім беру процесін ұйымдастыруды жақсарту, алынатын білім беру қызметтерінің сапасы мен тиімділігін арттыруға жәрдемдесу, білім беру процесінің барлық субъектілерінің – мектеп оқушыларының, ата-аналардың, мұғалімдердің азаматтық құқықтарын қорғау, сондай-ақ оқу үдерісі үшін психологиялық қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, ерекше құнды мүліктің сақталуы мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1-11 сынып оқушыларына сабақта, сынып сағаттарында, мектептен тыс іс-шараларда және басқа да ұйымдастыру шараларында кез келген режимде ұялы телефондар мен интернетке қолжетімді гаджеттерді пайдалануға тыйым салынсын. Тек ерекше жағдайларда мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің тікелей нұсқауы бойынша оқу процесінде телефонды пайдалануға рұқсат етіледі.

2. 1–11 сынып жетекшілері:

- білім алушылардың және олардың заңды өкілдерінің назарына «Оқу процесінде ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салу туралы» бұйрығын жеткізсін.

- оқушылармен және ата-аналармен ұялы байланыс пен интернетті қауіпсіз пайдалану туралы, мектеп аумағында оқушылардың жеке құрылғыларын пайдалануға тыйым салу туралы, телефонның қауіпсіздігіне тек оның иесінің (ата-аналар, меншік иесінің заңды өкілдері) жауапкершілігі туралы әңгімелесу жүргізу;

3. А.Шаймарданова, информатика пәні мұғалімі мектеп сайтына осы бұйрықты орналастырсын.

4. Пән мұғалімдері оқу сабақтары мен іс-шараларды өткізу кезінде ұялы байланысты пайдалануды болдырмау шараларын қабылдасын.

5. Осы бұйрықты бұзған білім алушылар тәртіптік жауапкершілікке тартылады:

- бір реттік бұзушылық үшін оқушыға ескерту жарияланады, директор атына шағым хат (оқушының түсініктеме хатымен бірге).

- қайталап бұзушылықтар болған жағдайда – телефонды комиссиялық алып қоюы, мектеп әкімшілігінің ата-аналармен әңгімелесуі және телефонды оқушының заңды өкілдеріне беру.

- өрескел тәртіп бұзған жағдайында - телефонды алып қою, мектеп әкімшілігінің ата-аналармен әңгімелесуі, бүкіл оқу жылына ұялы телефонды қолдануға тыйым салуға және оқушыны мектепішілік есепке қою дейін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары А.Исабаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



К.Султангазин

Таныстырылды:

А.Исабаева *АИ*

А.Шаймарданова *шай*